

Көшені қайта атау туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы Торғай ауылы әкімінің 2014 жылғы 8 желтоқсандағы № 15 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 қаңтарда № 5277 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы» Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, Торғай ауылының тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Торғай ауылының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жангелдин ауданының Торғай ауылындағы Н.Г. Иванов көшесі Жақан Қосабаевтың көшесі атына қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Торғай ауылының әкімі	Г. Сундетбаев
-----------------------	---------------